

Калифорния университеті ([ағылш. The University of California](#)) - [Калифорния](#) штатында орналасқан оқу орны, UC — [калифорниялық](#) 10 қоғамдық [университеттерді](#) біріктіреді. «Қоғамдық» мәртебесі финанстық қолдауды бірнеше көзі бар екенін білдіреді, Калифорния [штатының бюджеті](#) де кіреді (ол шамамен үштен бірін құрайды) және Университет Регенттерді Басқару Кеңесін ([ағылш. The Regents of the University of California](#)) штат губернаторы сайлайды.





2011 жылдың дерегі бойынша Калифорния университеттер жүйесінде барлығы 234 464 студент оқыған. Калифорния университеттер жүйесіндегі ең ескі әрі ең беделдісі [Беркли Калифорния университеті](#), [1868 жылы](#) негізі қаланған.


Білімі жайлы

Калифорния университеті жыл сайынғы рейтинг бойынша АҚШ-тың көшбасшы ЖОО-лар қатарында болады. Штаттың әртүрлі қалаларында орналасқан 10 кампустың әрқайсысы рейтингтерде жеке университет ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, Сан-Диего кампусының алғашқы кірпіші 40 жыл бұрын қаланғанына қарамастан, 14 Нобель сыйлығы лауреаты және бір астронавт шыққанымен танымал. Өткен жылы US News & World Report журналы өзінің ұлттық рейтингісінде Риверсайд қаласындағы университет кампусына 10 орынды берсе, Санта-Крус кампусын АҚШ-тағы "ең жасыл кампус" ондығына енгізді



Программалар мен мамандықтар

Биология, экология, бизнес, экономика, өнер, тіл білімі, инженерия, архитектура, дизайн, медицина, антропология, әлеуметтану, саясаттану, этнос, география, тарих, информатика, ролитология, дін, этика, менеджмент, экономика, ауыл шаруашылығы, метеорология, геология, гидрология, физика, химия, статистика, педагогика, палеонтология, криминалистика, финанс, философия.



- Оқу мерзімі: қыркүйек-қазан айлары басталып, наурыз-сәуір айлары аяқталады.
- Программа ұзақтығы: бакалавриат 4 жыл; магистратура 1-1,5 жылға созылады.
- 2012-2013 академиялық жылдың оқу құны: \$18'000 - 40'000 аралығы
- Жатын орын мен тамағы: \$9'500 - 13'200 / жылына
 - Оқуға түсу талабы: жас мөлшері 17+; қабылдану үшін тапсырылатын емтихандар тізімі: SAT I немесе ACT; SAT II; TOEFL ibt баллы 83-тен кем болмауы тиіс; Мектеп бітіргені жөнінде куәлік.

Зерттеу орталықтары

Калифорния университеті АҚШ Энергетика Министрлігінің бірқатар зертеу орталықтарын (ұлттық лабораториялар) басқарады. 2006 жылға университеттің қарауында Ливермор Ұлттық лабораториясы және Лоуренс атындағы Беркли ұлттық лабораториясы. Оған дейін университет Сандия Ұлттық лабораториясын және Лос-Аламос Ұлттық Лабораториясын басқарды.



Университет құрылымы

- [Калифорния университеті, Беркли](#) (Berkeley) — бас кампус
- [Хааза бизнес мектебі](#) (Haas School of Business)
- [Бизнес және экономикалық зерттеулер институты](#)
- [Калифорния университеті, Дэвис](#) (Davis), UC Davis
- [Калифорния университеті, Ирвайн](#) (Irvine), UCI
- [Калифорния университеті, Лос-Анжелес](#) (Los Angeles), UCLA
- [Калифорния университеті, Мерсед](#) (Merced)
- [Калифорния университеті, Риверсайд](#) (Riverside)
- [Калифорния университеті, Сан-Диего](#) (San Diego), UCSD
- [Калифорния университеті, Сан-Франциско](#) (San Francisco)
- [Калифорния университеті, Санта-Барбара](#) (Santa Barbara), UCSB
- [Калифорния университеті, Санта-Круз](#) (Santa Cruz)

сонымен қатар

- [Хейстингс Құқық колледжі](#) (Hastings College of the Law)
- [Лик обсерваториясы](#) (Lick Observatory)
- [Скриппс океанография институты](#) (Scripps Institution of Oceanography)

Калифорния университеті,
Беркли



Калифорния университеті, Беркли

Калифорния университеті, Беркли ([ағылш.](#) The University of California, Berkeley) — көпшілік зерттеу университеті, [АҚШтың](#), [Калифорния](#) штаты [Беркли](#) қаласында орналасқан. [Калифорния университетінің](#) 10 кампусының ең көнесі . 2013 жылы «Ұлттық университеттер» рейтингінде ([U.S. News & World Report](#) басылымы) 20-ы позицияны ұстады, сонымен қатар білім беру программалары бойынша елдегі ең үздіктер қатарына енеді 2013 жылы [Times Higher Education](#) рейтингінде Беркли Калифорния университеті әлем университеттері арасында 5 орынға тұрақтады.

Дәл Беркли ең бірінші BSD (және BSD)

ЛИЦЕНЗИЯСЫН) операциялық жүйесін алды.

Беркли өзінің тарихында студенттік активизмімен белгілі. Біршама белгілі

акциялары: 1964 ЖЫЛҒЫ Сөз бостандығы қозғалысы — протест акциясы, университеттің саяси памфлеттерді таратушыларды кампустан қууға тапсырма берген кезден басталған және Ұлттық парктегі бас көтеру

1968 ЖЫЛЫ, шетелдік студенттердің қарсылық акциясын

өткізген кезде басталған, 1960 жылдары орын

алған «ХИППИ» мәдениетімен тікелей байланысты. Алайда студенттік активизмдерге және бас бұзарлыққа қарамастан, Беркли кампусы көптеген жасыл бұрыштарымен және ғимараттарымен, олардың жақсы сақталған архитектурасымен танымал.

Университет

ҚҰРЫЛЫМЫ

Ректордың лауазымы [1952 жылы](#) бекітілген, Калифорния Университетін қайта жасақтау кезінде іске асты, сол уақыттан бері он ректор (және бір ректордың лауазымын атқарушы):

- 1 Кларк Керр (1952—1958)
- 2 [Гленн Сиборг](#) (1958—1961)
- 3 Эдвард Стронг (1961—1965)
- 4 Мартин Меерсон (1965, acting)
- 5 Роджер Гейнс (1965—1971)
- 6 Албюерт Бовкер (1971—1980)
- 7 Ира Майкл Хейман (1980—1990)
- 8 Чанг-Ли Тиен (1990—1997)
- 9 Роберт Бердал (1997—2004)
- 10 Роберт Биржено (2004—2013)
- 11 [Николас Диркс](#) (ағыл.) қаз. (2013 жылдан —



Бөлімшелері

130 факультетте 14 колледж және мектептер ұйымдастырылған. («Колледждер» студенттер Бизнес мектебінде):

- Хааса Бизнес Мектебі
- Колледж химии
- Педагогика мектебі
- Инженерлік колледжі
- Ішкі дизайн Колледжі
- Журналистика мектебі
- Боалт атындағы заң мектебі
- Ақпараттық технологиялар мектебі
- Әдебиет және ғылым Колледж
- Табиғи ресурстар Колледжі
- Оптометрия мектебі
- Денсаулық сақтау мектебі
- Голдман атындағы мемлекеттік саясат мектебі
- Қоғамдық қорғау мектебі

Сонымен қоса, университетте [Лоуренс Ұлттық лабараториясы](#) жұмыс істейді.



Белгілі студенттері мен оқытушылары

- Анджела Дэвис
- Кевин Макдональд
- Ричард Ованнисян
- Уиллис Джепсон